

Туындыларды көпшілік алдында орындау, көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын қолдану тәртібі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 362 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 20 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3372

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандығы N 1083 "Туындыларды пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы" қаулысының З-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Туындыларды көпшілік алдында орындау, көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын қолдану тәртібі жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді.

*Министрдің
міндеттін атқаруышы*

Қазақстан Республикасы Әділет
министрі міндеттін атқарушының
2004 жылғы 15 желтоқсандағы
N 362 бұйрығымен бекітілген

**Түндердің көшілік алдында орындау, көшілікке
хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, түндердің
қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін
авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын
қолдану тәртібі жөніндегі нұсқаулық**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық түндердің көшілік алдында орындау, көшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, түндердің қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын қолдануды белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) көп актілі драмалық және музыкалық-драмалық түндер - кемінде екі актісі бар түндер;
- 2) "үлкен құқықтар" түндерлер - басқару немесе лицензиялау жеке негізде жүзеге асырылатын түндер;
- 3) "кіші құқықтар" түндерлер - басқару ұжымдық негізде жүзеге асырылатын түндер;
- 4) өлеңмен жазылған түндер - сахнадан айтылатын мәтіннің кемінде жартысы өлең түрінде жазылған түндер;
- 5) авторлық құқықпен қорғалмайтын түндер - халық шығармашылығы түндерлер, қорғау мерзімінің аяқталуына байланысты қоғамдық ігілікке айналған түндерлер;
- 6) "кіші құқықтар" түндерлердин көшілік алдында орындау - дербес маңызы бар музыкалық-драмалық түндердің бөлімдерін (ариялар, әндер) көшілік алдында драмалық емес орындау;
- 7) пьеса - театралдық көрсетуге арналған драмалық түндер;
- 8) сахналau-пьеса - басқа түндерлер, оның ішінде халық шығармашылығы түндерлердің бойынша жазылған пьеса.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 қазандары N 1083 "Түндердің пайдаланудың кейбір түрлері үшін авторлық сыйақының ең төменгі ставкаларын бекіту туралы" қаулысында (бұдан әрі - қаулы) көзделген түндердің көшілік алдында орындау үшін ставкалар бойынша авторлық сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында орындаушы-әртістердің, сондай-ақ техникалық құралдар арқылы да драмалық, музыкалық-драмалық, музыкалық түндерлер, концерттік, цирк, би бағдарламаларын, мәтіні бар және мәтінсіз музыкалық түндердің көшілік алдында орындағаны үшін есептеледі.

4. Қаулыда көзделген түндердің көшілік алдында хабарлау үшін ең төменгі ставкалар бойынша авторлық сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында түндердің көшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін есептеледі.

5. Қаулыда көзделген түндердің қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін ең төменгі ставкалар бойынша авторлық сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында түндердің жалға беру, көшілікке прокатқа беру жолымен қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін есептеледі.

6. Қаулыда көзделген авторлық сыйақы ставкалары ең төменгі деңгей болып табылады және, егер пайдаланушы мен автордың, оның құқықтық мирасқорының немесе авторлардың мүліктік құқықтарын олардан алған өкілеттілігі шегінде ұжымдық негізде басқарушы ұйымның арасында жасалған шартта өзгеше белгіленбесе және сыйақы мөлшері мүдделі тараптардың арасында дау туғызу нысаны болмаса қолданылады.

7. Туындыларды көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы:

- 1) бір туындыны немесе бағдарламаны көпшілік алдында орындағаны үшін билеттерді сатудан түсken алымның жалпы сомасынан;
- 2) шарт бойынша кепілдік төлем сомаларынан не табыстардың өзге сомаларынан пайызben есептеледі.

Төлеуши табысының дәл мөлшерін анықтау қыын болған немесе мүмкін болмаған жағдайларда, мәтіні бар немесе мәтінсіз музикалық туындыларды, әдеби туындыларды орындаушы әртістер, сондай-ақ техникалық құралдардың (кез келген дыбыс тасуышылардың) көмегімен дискотекаларға, тұнгі клубтарға, мейрамханаларға, кафелерге, кинотеатрларға, сауықханаларға, барларға, бистроларға, асханаларға, ашық алаңдарға, ойын аттракциондарына және басқа да қоғамдық орындарға тегін кіру кезінде орындалғаны үшін авторлық сыйақы қауымен бекітілген Туындыларды көпшілік алдында орындау үшін ең төменгі авторлық ставкалардың 26-тармағында көзделген сыйлық есептік көрсеткішпен есептеледі.

8. Туындыларды көпшілік алдында хабарлау үшін авторлық сыйақы табыстың жалпы сомасында пайызben белгіленген мөлшерлерде есептеледі. Бұл ретте авторлық сыйақы есептелуге тиіс жалпы табыс деп жарнаманы орналастыру, хабарларды жасауға түсken демеушілік түсімдер, демеушілік не өзге қаржыландыру түріндегі түсімдерден, егер ондайлар бар болса, абоненттік ақы, туындыларға қол жеткізу үшін ақы түріндегі және тағы да басқа түсімдерден құралатын табыс түсініледі.

9. Авторлық құқықпен қорғалатын, сондай-ақ қорғалмайтын туындыларды қамтитын дыбыстық жазу даналарын қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақы тек авторлық құқықпен қорғалатын даналар үшін ғана есептеледі.

2. Туындыларды көпшілік алдында орындау, көпшілікке хабарлау жолымен пайдаланғаны үшін, туындыларды қайта шығарғаны және (немесе) таратқаны үшін авторлық сыйақы ставкаларын қолдану

10. Балаларға арналған пъессаларды, оның ішінде қуыршақ пен орындалатын пъессалар үшін белгіленген авторлық сыйақының ставкалары аталған пъессаларға орындалған жеріне қарамастан қолданылады.

11. Өз туындыларының сарыны бойынша жазылған пъессалар, егер сахналау тен авторларсыз жасалса, төлтумаға теңестіріледі.

12. Халық ертегілерінің сарыны бойынша балаларға арнап жазылған пъессалар төлтумаға теңестіріледі.

13. Егер автор туындыны екі немесе бірнеше тілде жазып, қай мәтіннің төлтума, ал қайсысының аударма екенін ескертпесе, онда ол осы тілдердің әрқайсысында төлтума болып табылады.

14. Авторлық құқықпен қорғалатын және қорғалмайтын (оның ішінде драмалық туындыларды сүйемелдейтін музыка да) туындыларды қамтитын бағдарламаларды көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы толық ставка бойынша есептеледі.

15. Тек авторлар біртұтас бөлінбес дүние ретінде жасаған туындыларды көпшілік алдында орындағаны үшін авторлық сыйақы тек авторлық құқығы қорғалатын тен авторларға (олардың құқықтық мирасқорларына) ғана есептеледі. Бұл ретте есептелетін сыйақының мөлшері тен авторлардың арасында сыйақының белгіленген ставкаға тепе-тен бөлінуіне сәйкес айқындалады.

16. Түгелдей қоғам игілігіне айналған туындылардан құрылатын концерттер үшін авторлық сыйақы есептелмейді.

17. Концерттік, эстрада, цирк немесе би бағдарламалары үшін авторлық сыйақы туындылар әртістердің немесе дыбыстық жазуда орындалуына қарамастан, сондай-ақ пайдаланушыға осындай бағдарламаларға билет сатудан табыс түсуіне немесе түспеуіне қарамастан есептеледі.

18. Егер спектакль бірнеше бір актілі туындыларды қамтитын болса, сыйақы әрбір туынды үшін соған белгіленген ставка бойынша жеке-жеке есептеледі.

Егер бір актілі туынды концерттік бағдарламада орындалса, бұл туынды үшін сыйақы соған белгіленген ставка бойынша есептеледі және одан басқа концерттік бағдарлама үшін де көзделген ставка есептеледі.

Егер спектакль екі көп актілі туындыны қамтитын болса, сыйақы әр туынды үшін тиісті көп актілі туындылар үшін көзделген ставкалардың $\frac{1}{2}$ бөлігінен есептеледі.

Егер көп актілі туынды концерттік бағдарламамен орындалса, көп актілі туынды үшін сыйақы тиісті туындылар үшін көзделген ставканың $\frac{1}{2}$ бөлігінен есептеледі және тиісті концерттік бағдарлама үшін көзделген ставка қосымша есептеледі.

19. Шағын көлемді шығармалар көпшілік алдында орындалған жағдайда аудармашы үшін белгіленген қаламақы сомасы аралық және соңғы аударма авторлары арасында тен бөлінеді.

20. Авторлық құқықпен қорғалатын сахналанған пьесаны аударған үшін авторлық сыйақы төлтума туындыларының аудармасы үшін белгіленген ставкалар бойынша есептеледі.

21. Музыкалық-драмалық туындыларды орындағаны үшін авторлық сыйақының ставкалары сонымен бірге туынды концерттік орындауда қойылатын жағдайларда да қолданылады.

22. Музыкасын шетелдік композиторлар жазған либреттолардың нұсқалары мен оперетталар, музыкалық комедиялар мен мюзиклдер мәтіндерінің жаңа сырлары аудармаларға теңестіріледі.

23. Драмалық спектакльдерге арнап жазылған музыка үшін төленетін сыйақы музыкалық нөмірлердің санына, сондай-ақ музыканы әртістер орындауына немесе дыбыстық жазуда орындалуына қарамастан әрбір актісі үшін 1 пайыз мөлшерінде есептеледі.

24. Егер концерттік бағдарламада эстрадалық туындылармен қатар тым болмаса бір ірі симфониялық туынды, не ірі көлемді камералық туынды, не үлттық аспаптарға арналған көп актілі туындылар, не хореографиялық концерт орындалса, осындай концерттік бағдарлама үшін авторлық сыйақы сатылған билеттерден (симфониялық, вокалды-симфониялық және камералық шығармалар концертіне арналғандай) түскен жалпы соманың 7 пайызы мөлшерінде

есептеледі.

25. Егер жаңа жылдық шырша қойылымдары бағдарламасына драмалық немесе музыкалық-драмалық туынды енгізілсе, мұндай туынды үшін авторлық сыйақы драмалық және музыкалық-драмалық туындылар үшін көзделген ставкалар бойынша есептеледі.

26. Концерт пен билерден құралған бағдарлама үшін кіру ақысы бірдей болған кезде авторлық сыйақы эстрада концертіндей - түскен жалпы алым сомасының 4 пайызы мөлшерінде есептеледі.

27. Көпшілік ареналарында (стадиондарда, спорт сарайларында, ипподромдарда және тағы сондайларда) өткізілетін спорт жарыстарын, спортшылардың көркем өнер көрсетулерін, ойын аттракциондарын, сән көрсетулерін, көрмелерді, жәрменкелерді, фестивальдарды, конкурстарды және тағы басқа іс-шараларды музыкамен сүйемелдегені үшін, авторлық сыйақы қауулының 24-тармағында белгіленген ставка бойынша есептеледі.

Егер көпшілік аренасында эстрадалық, цирк қойылымдары мен концерттер, драмалық немесе музыкалық-драмалық туындылар орындалса, олар үшін авторлық сыйақы концерттер, драмалық немесе музыкалық-драмалық туындылар, сондай-ақ цирк қойылымдары үшін белгіленген ставкалар бойынша есептеледі.

28. Осы алаңға кіргені үшін жеке ақы алмaston, алаңдарда (спектакльге дейін немесе одан кейін немесе үзілістер кезінде театrlар фойелерінде, кинотеатrlар фойелерінде, дәмханаларда, мейрамханаларда, парктердегі, бақтардағы және стадиондардағы ашық алаңдарда және т.с.) көпшілік алдында орындалған туындылар үшін авторлық сыйақы айлық есептік көрсеткіштерде есептеледі.